

*Қазақстан
Республикасының
Үкіметі*

B N E W S

ЖЭ – 201

Жақсылық Жанар

Қазақстан Республикасының Үкіметі
— Қазақстан Республикасында жоғары
атқарушы билік органы. Үкімет
Қазақстан Республикасының атқарушы
билігін жүзеге асырады, атқарушы
органдардың жүйесін басқарады және
олардың қызметіне басшылық
жасайды.

Мемлекеттік билік тармағы

Заң шығарушы

Атқарушы

Сот



Атқарушы биліктің жоғары органы ретінде Үкіметке Конституцияда бекітілген кең өкілеттіктер берілген.

Экономика саласында

Мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, оны жүзеге асырудың бағдарларын айқындайды

Республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады

Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, республиканың қаржы жүйесін басқарады

Әлеуметтік салада

```
graph TD; A[Әлеуметтік салада] --> B[Аймақтардың әлеуметтік даму мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді]; B --> C[Еңбекке ақы төлеу, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру саясатын жүзеге асырады]; C --> D[Дене тәрбиесі мен спорт, туризм, жастар проблемаларының шешілуіне ықпал етеді];
```

Аймақтардың әлеуметтік даму мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді

Еңбекке ақы төлеу, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру саясатын жүзеге асырады

Дене тәрбиесі мен спорт, туризм, жастар проблемаларының шешілуіне ықпал етеді

Ғылым, білім, техника, мәдениет саласында



Ғылым мен техниканы, мәдениетті,
білім беруді дамыту, жаңа
технологияларды енгізу жөніндегі
мемлекеттік саясатты жүзеге
асырады

Әкімшілік-саяси басқару саласында

```
graph TD; A[Әкімшілік-саяси басқару саласында] --> B[Министрліктердің, орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді]; B --> C[Президенттің және Үкіметтің өзінің шығарған актілерінің орындалуын бақылайды]; C --> D[Министрліктер мен Үкіметке кірмейтін орталық атқарушы органдар (ведомстволар) туралы ережелерді, оларды ұстауға бюджеттен бөлінетін қаржының көлемін бекітеді];
```

Министрліктердің, орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді

Президенттің және Үкіметтің өзінің шығарған актілерінің орындалуын бақылайды

Министрліктер мен Үкіметке кірмейтін орталық атқарушы органдар (ведомстволар) туралы ережелерді, оларды ұстауға бюджеттен бөлінетін қаржының көлемін бекітеді

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту

саласында:

Құқықтық реформалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды және заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтайды

ҚР--ның қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, аумақтық тұтастығын сақтайды және қорғайды, ҚР-ның мемлекеттік шекарасын күзету шараларын әзірлеп, іске асырады

Сыртқы саясат саласында

Келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды

ҚР--ның шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен қарым-- қатынасты дамытуын, қамтамасыз етеді, сыртқы экономикалық саясатты іске асыру шараларын әзірлейді

Сыртқы сауданы дамыту шараларын қолданады,, халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық пен өзара іс--қимылды жүзеге асырады

Үкіметті Премьер-министр басқарады



Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев



Елбасының 2016 жылдың
10 қыркүйектегі Жарлығымен
Қазақстанның Премьер-Министрі
болып тағайындалды



**ҮКІМЕТ ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
АЛДЫНДА ЖАУАПТЫ.**



**КОНСТИТУЦИЯДА КӨЗДЕЛГЕН РЕТТЕРДЕ
ПАРЛАМЕНТТИҢ АЛДЫНДА ЖАУАПТЫ. ҮКІМЕТТИҢ ЗАҢ
ШЫҒАРУ ҚҰҚЫҒЫ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.**



ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ

Атқарушы органдарының жүйесіне Республика министрліктері мен комитеттері, жергілікті – облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктер кіреді. Жергілікті атқарушы орган – әкімшіліктің құрамына – әкім, әкімнің орынбасарлары, әкімнің аппараты, басқармалары мен бөлімдері кіреді. Жергілікті мемлекеттік басқаруды Мәслихат деп аталатын жергілікті өкілді және атқару органдары жүзеге асырады. Мәслихат депутаттарын 5 жыл мерзімге сайлайды.